

ЖОСПАР:

1.2. Қаржы саясатының мазмұны және міндеттері.....	6
2.2. Қаржы механизмiнiң мазмұны мен құрылымы.....	17

КІРІСПЕ

Бұл курстың жайлыстың жалпы тақырыбы «Қаржы саясаты: міндеттері, мақсаты және оның даму ерекшеліктері» деп аталады. Мұнда жалпы қаржы саясаты туралы ұғым және оның міндеттері мен мақсаттары жайында жазылған.

Қаржы саясаты - бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың тұтқиылды мақсаты, оның нақтылы нәтижесі. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады.

Қаржы саясаты қаржы ресурстарын іздестіру, шоғырландыру және жинақтау және экономикалық саясат жасайтын даудың бағыттары бойынша оларды белудің міндеттерін шешеді.

Қаржы саясаты өзіне бюджет, салық, ақша, кредит, баға және кеден саясатын қамтиды. Өз кезегінде мемлекеттің қаржы саясаты тек оның экономикалық және әлеуметтік саясатын жүзеге асырудың құралы болып келеді, яғни қосалқы рөлді орындайды. Мемлекеттік саясаттың басқа да бағыттарын - ұлттық, геосаясатты әскери саясаттарды да ұмытуға болмайды.

Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді. Қаржы саясатын жасауға биліктің заңнамалық және атқарушы тармақтары қатырады. Қазақстан Республикасында оның конституциялық ерекшеліктеріне қарай жалпыэкономикалық саясат сияқты қаржы саясатын жасаудағы басшылық Қазақстан Республикасының Президентіне жатады, ол жыл сайынғы Жолдауында жылдағы жылға және перспективаға арналған қаржы саясатының басты бағыттарын анықтайды. Үкімет экономиканы дамытудың басты бағыттарын жүзеге асыру және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатымен осы Жолдаудың шеңберінде іс-қимыл жасауы тиіс. Осыған орай

биіктің атқарушы тармағының бір бөлігі ретінде Үкімет қаржы саясатын іске асыруға қажетті заңдардың жобаларын жасайды және оларды қарап қабылдау үшін Президентке тапсырады.

Қазіргі жағдайда қаржы саясатының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- 1) шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының сферасында нарықтық қатынастарды нығайту жөнінде шаралар жүргізу;
- 2) дағдарысты жай-күйді жою және қаржы жүйесін сауықтандыру;
- 3) халықты әлеуметтік қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу.

Нарықтық экономика жағдайында ұзақ мерзімді ғылыми қаржы болжалдарына негізделген және қаржы реттеуіштерінің жүйесіне сүйеніп әрекет ететін тиісті қаржы саясаты материалдық - заттар, ақша ағындарының үйлесімділігі әрі перспективалық тепе-теңдікке жетудің, соның негізінде қозғалыс үдемелі экономикалық өсуді қамтамасыз етудің негізгі еркіндігі әдісі болып табылады. Ол бірінші кезектегі міндеттерді - мемлекеттік бюджеттің тапшылығы мен ішкі және сыртқы борыштың мөлшерін, қаржы рынғын дамыту, қолданыстағы салық жүйесін жетілдіру, инфляцияның қарқынын төмендету және т.б. шешу үшін пайдаланылады. Сонымен бірге қаржы реттеуіштерінің жүйесімен айла-шарғы жасау арқылы белгілі бір түрде мемлекет пайдаланатын қаржы айналымында жүрген нақты ресурстар тиісті қаржы саясатына жетудің негізгі құралдары бола бастайды.

Тұрақтандырудың қаржы саясаты өзіне мына міндеттерді кіріктіреді:

- 1) инфляцияны тоқтату;
- 2) бюджет тапшылығын ЖІӨ-нің 2% дейін төмендету;
- 3) мемлекет борышын ЖІӨ-нің 48% дейін жеткізу.

1.1. Қаржы ұйымы және оның атқаратын қызметтері

Қаржы — бұл ұғымда қалыптасқан экономикалық қатынастар жүйесіндегі ақша құрылымы қорының қалыптасуы, бөлінуі, қолдануы.

Ақша құралдарын сәйкес мекемелер арқылы пайдалануға байланысты қатынастар жиынтығы, қаржылық жүйені құрайды.

Қаржылық жүйе жүргізетін саясат - қаржылық саясат деп аталады.

Қаржы бірнеше қызмет атқарады:

1. Топтастыру-құралдары үйлестіру және материалды негіз құру;
2. Реттеуші-шаруашылық субъектілерді ынталандыру;
3. Бөлу-ақша құрамының қалыптасуы және оларды бюджет, әлеуметтік сақтандыру арқылы пайдалану;
4. Бақылау-салық қолданудың дұрыстығын және оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету.

Қаржы қатынасының тұлғалары: мемлекет, фирма, түрліші бірлестіктер, ұйымдар және жеке азаматтар. Осылардың арасындағы байланыс ақша қорын пайдалануда келесі топтарға жіктеледі:

1. Мемлекет пен кәсіпорын арасында: мемлекеттік бюджет төлемдер жүйесін және әр алуан мемлекеттік қор ұйымдарын қамтиды. Олардың негізінде мемлекеттің орталақтандырылған табысы қалыптасады.
2. Фирмалар арасында: келісімшарт негізінде құрылады, бұл міндетті төлемдерден тұрады.
3. Фирма мен банк арасында: несиені алу және пайдалану.
4. Фирма және өндірістік құрылым арасында.
5. Мемлекет және қоғамдық ұйымдар арасында.
6. Мемлекет және халық арасында, халықтың әр түрлі трансферт алуы: зейнетақы, жәрдем ақы, степендия т.б. Сонымен қатар бұған займ шығару, лоторея ұйымдастыру және т.с.с. жатады.

Қаржының үш құрамдас бөліктері бар:

1. Халық қаржысы;
2. Бірлестіктер, фирма, сала кешенінің қаржылары, яғни орталықтанбаған қаржы;
3. Мемлекеттік, яғни орталықтанған қаржы.

Халық қаржысы табысты бөлімнен, жанұялардың алғашқы табыстарынан, шығыс бөлімнен және халық қор жинауынан тұрады.

Орталықтанбаған (мемлекеттік емес) қаржы - фирма, бірлестік және ұйымдар иелігіндегі қаржылар (шаруашылық тұлғалардың қаржысы).

Орталықтанған (мемлекеттік) қаржы - қаржы жүйесінің басты бөлігі. Мұнда мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, мемлекеттік және жеке мүлктік сақтандыру, мемлекеттік несие, мемлекеттік бюджет кіреді.

1.3. Қаржы саясатының мазмұны және міндеттері

Экономикалық дағдарыстан шығу және одан әрі серпінді даму мемлекеттің сандарлы және негізгі саясаты арқылы болуы мүмкін. Жүргізіліп отырған қаржы саясатының басты субъектісі мемлекет болып табылады. Ол ұғамның ұзақ перспективаға арналған қаржысын дамытудың басты бағыттарының стратегиясын жасайды және алдағы кезеңге арналған міндеттерді, қаражаттарды және оған жетудің жолдарын анықтайды.

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны экономикалық заңдардың іс-әрекетін ескере отырып және қоғамның даму міндеттеріне сәйкес қаржыны жоспарлы ұйымдастыру болып табылады. Қоғамдық дамудың әрбір кезеңінде қаржы саясатының өзіне тән белгілері болады, ол экономиканың жай-күйін, қоғамның материалдық және мәдени өмірінің толғағы жеткен қажеттіліктерін және басқа факторларды ескере отырып, түрлі міндеттерді шешеді.

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны айтарлықтай күрделі, өйтпеді ол шаралардың ауқымды кешенін, оны дәйекті жүзеге асыру стадияларын қамтиды, олар:

1) экономикалық заңдардың әрекеті, экономиканың жай-күйі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалары негізінде елдегі қаржының ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу;

2) экономикалық саясаттың тиісті мақсаттары мен міндеттерін негіздеі отырып, қаржы саясатының стратегиялық және тактикалық шараларын тұжырымдау;

3) белгіленген іс-әрекеттерді қаржы механизмі арқылы (экономикалық қайта құрудың түбегейлілігіне қарай оны жаңғырта және түзете отырып) іс жүзінде жүзеге асыру.

Осы негізгі рш бұрынғы бірлігі қаржы саясатымыз мазмұнын анықтайды. Демек, экономикалық заңдардың іс-әрекетін есепке ала отырып, қоғамды дамытудың міндеттеріне байланысты қаржыны ұйымдастыру мен пайдалану мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны болып табылады.

Қазіргі кезеңде қаржы саясатымыз көмегімен шешілетін басты міндеттердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

а) елдің дамуының әрбір нақты кезеңінің ерекшеліктері негізінде қаржы ресурстарының неғұрлым мүмкін болатын көлемін жасаудың жағдайларын қамтамасыз ету;

ә) қаржы ресурстарын қозғалыс ендірістің сфералары арасында, ұлттық шаруашылық секторлары арасында ұтымды бөлу және пайдалану, ресурстарды белгілі бір мақсаттарға бағыттау;

б) экономикалық дамудың белгіленген бағыттарын орындау үшін тиісті қаржы механизмін жасап, оны үнемі жетілдіріп отыру.

Сондықтан Қазақстан жағдайында қаржы саясатымыз міндеті экономиканы экономикалық өсудің траекториясына көшіру, ұлттық шаруашылықтың қорытындымен одан әрі жетілдіру негізінде шаруашылық өмірді тұрақтандыру, кәсіпкерлік қызметті дамыту, мемлекеттік бөліктің үлесін арттырдыра отырып, меншікті реформалау, сыртқы экономикалық қызметті ұлғайтып, жандандыру, әлеуметтік бағдарламаларды

қаржыландыру жөнінде шаралар жасап, оларды қаржы механизмі арқылы іске асыру болып табылады.

1.3. Қаржы саясатының мақсаттары мен қағидаттары

Елдегі жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес мемлекеттің қаржы саясаты мен қаржы жүйесінің қызметі нарық жағдайында қажетті қаржы ресурстарын жұмылдыруға, оларды бюджетке толық және дер кезінде түсіріп отыруға, әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларында қаралған шараларды үздіксіз қаржыландыруға және материал, еңбек және ақша ресурстарын мақсатты әрі ұтымды пайдалануға бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл мақсаттар Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуының қоғамдық өмірдің барлық салаларын қайта құрудың стратегиясын қаржымен қамтамасыз ету қажеттігінен туындайды.

Қаржы саясатының мақсаты - қоғам дамуының аса маңызды қажеттіліктерінің қанағаттандыруға қажет қаржы ресурстарын толық жұмылдыру. Осыған байланысты қаржы саясаты кәсіпкерлік қызметті жандандыра түсуге қолайлы жағдайлар жасауға шақырады. Мемлекет пайдасына кәсіпорындардың табысын алудың ұтымды нысандарын, сондай-ақ қаржы ресурстарын қалыптастыруға халықтың қатысу үлесін анықтауға көп көңіл бөлінеді. Қоғамдық өндіріс салалары арасында қаржы ресурстарын бөлу жолымен оларды пайдаланудың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ оларды экономикалық және әлеуметтік дамудың басты бағыттарына шоғырландыруға үткен маңыз беріледі.

Талаудағы мақсат ретінде — мемлекеттік бюджет теңгерімділігіне жеті және экономиканы тұрақтандырудың негізінде ұлттық шаруашылықтың қаржы жағдайын сауықтыру проблемасын шешу.

Қаржы саясатын жүзеге асырудың негізіне жалпы және жеке (өзгеше) қағидаттардың толып жатқан қатары қойылуы тиіс.

Қаржы саясатын жүргізгенде оның мына қағидаттарын жүзеге асырудың зор маңызы бар:

- қолда бар нақты қаржы ресурстарын негіздей отырып, бюджеттерді жасау, Бекіту және Батқару кезінде қоғамдық өндірістің барлық қатынастарының әлеуметтік, ұлттық және кәсіби топтардың мүдделерін сақтау;

- қаржы қатынастарының жоспарлы мәнімен қамтамасыз ету;

- қаржы жүйесінің барлық сфералары мен буындарында кірістер мен шығыстардың теңгерімділігі;

- қаржы резервтерін жасау (бюджет жүйесінде кірістердің шығыстардан және салалық қаржыларда қаржы резервтерінің асып түсуі);

- мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында қаржы ресурстарын оңтайлы бөлу.

Қаржы саласының тиімділігін қамтамасыз ететін жерде қалыптасуға міндеттер жатады:

- объективті экономикалық заңдардың іс-әрекетін есепке алу, нақты тарихи жағдайларды есепке алу;

- өткен жылдардың өзіндік тәжірибесін және дүниежүзілік тәжірибені есепке алу.

Жеке (өзгеше) қалыптасуға міндеттерді жатқызуға болады:

- қоғамда қаржы жүйесінің ұтымды құрлымын, қаржы қатынастарын жоспарлы ұйымдастыруды және қаржы механизмінің дұрыс құрылуын қамтамасыз ету;

- қаржы жүйесінің барлық салалары мен буындарындағы кірістер мен шығыстардың теңгерімділігі;

- бюджеттегі кірістердің шығыстардан асып түсетін қаржы резервтерін жасау;

- салық жүйесін ұтымды құру арқылы экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды бағыттарына қаржы ресурстарын шоғырландыру;

- негізгі қаржы ресурстарын мемлекет қарамағына жұмылдыру, оларды мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында тиімді бөлу;

- қаржы және кредит-ақша саясатының тепе-теңдігі

1. сұлба. Қоғамдық-экономикалық формацияның базистік және қондырмалық жүйе сипемелі қаржы



2-бөлім: Әлеуметтік-экономикалық процестердегі қаржы саясатының және қаржы механизмінің мәні мен маңызы

2.1. Әлеуметтік-экономикалық процестердегі қаржы саясатының мәні мен маңызы

Саясат мемлекет қызметінің барлық бағыттарын қамтиды. Саяси ықпал жасаудың элементі болып табылатын қоғамдық қатынастардың сферасына қарай экономикалық немесе әлеуметтік, мәдени немесе техникалық, қаржы немесе кредит, ішкі немесе сыртқы саясат туралы айтады.

Бұдан бұрын айтылғандай, кез келген қоғамда мемлекет қаржыны өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін пайдаланады. Қойылған мақсаттарды іске асыруға қаржы саясаты маңызды рөл атқарды. Оны жасап, жүзеге асыру процесінде қоғам алдында тұрған міндеттерді орындаудың шарттары қамтамасыз етіледі; ол экономикалық мүдделерге ықпал жасаудың белгілі бір аралы болып табылады.

Қаржы саясаты — бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпкілікті мақсаты, оның нақтылы нәтижесі. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады.

Материалистік диалектика жүйесінде түрлі басқа саясат сияқты қаржы саясаты қоғамда жатады, ал қаржы саясатында біліметін және өндірістік қатынастардың, белгілі бір экономикалық формацияның бір бөлігі ретінде көрінетін қаржы қатынастары басым болып табылады (1.-сызбаны қараңыз 10-бет). Қаржы саясатын жасау процесінде елдің алдына қойылған міндеттердің орындалуы үшін материалдық жағдайлар қамтамасыз етіледі. Сондықтан тап қаржы саясаты экономика мен әлеуметтік сфераға ықпал жасаудың белсенді тетігі болып табылады.

Демек, қаржы саясаты қаржы ресурстарын іздестіру, шоғырландыру және жинақтау және экономикалық саясат жасайтын дәлудің бағыттары бойынша оларды бөлудің міндеттерін шешеді.

Қаржы саясаты өзіне бюджет, салық аяқ, қаржы бөлу және кеден саясатын қамтиды. Өз кезегінде мемлекеттің қаржы саясаты тек оның экономикалық және әлеуметтік саясатын жүзеге асырудың құралы болып келеді, яғни қосалқы рөлді орындайды. Мемлекеттік саясаттың басқа да бағыттарын — ұлттық, геосаясат-ты, әскери саясаттарды да ұмытуға болмайды.

Осы бес бағыттың жиынтығы мемлекеттік саясатты жүргізудің негізгі құралы болып табылатын қаржы саясатын анықтайды.

Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді. Қаржы саясатын жасауға біліктілік заңнамалық және атқарушы тармақтары қатысады. Қазақстан Республикасында оның конституциялық ерекшеліктеріне қарай жалпы экономикалық саясат сияқты қаржы саясатын жасаудағы басымдық Қазақстан Республикасының Президентіне жатады, ол жыл сайынғы Жолдауында жылдағы жылға және перспективаға арналған қаржы саясатының басты бағыттарын анықтайды. Үкімет экономиканы дамытудың басты бағыттарын жүзеге асыру және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатымен осы Жолдаудың шеңберінде іске қосылып жасауы тиіс. Осыған орай біліктілік атқарушы тармағының бір бөлігі ретінде Үкімет қаржы саясатын іске асыруға қажетті заңдардың жобаларын жасайды және оларды қарап, қабылдау үшін Президентке тапсырады.

Мезгілінің ұзақтығына және шешілетін мәселелердің сипатына қарап мемлекеттің қаржы саясаты қаржы стратегиясы мен қаржы тактикасы болып бөлінеді.

Қаржы стратегиясы экономикалық және әлеуметтік стратегиямен анықталып, перспективаға есептелген және ірі ауқымды міндеттерді шешуді қарастыратын қаржы саясатының ұзақ мерзімді курсы. Ол макроэкономикалық процестер дамуының ұзақ кезеңіне бағытталған, ал

оның шеңберіндегі күнделікті міндеттер басты стратегиялық мақсатқа жетудің кезеңдері ретінде жүзеге асырылып отырады. Сөйтіп, қаржы саясатының мазмұны экономикалық жүйеде қаржыны пайдаланудың стратегиялық бағыттылығымен үнемі анықталып отырады.

Қаржы стратегиясын мемлекет ұйымдастырушы ірі мақсатты кезеңдеріне үйлестіре отырып жасайды. Оны жасау процесінде қаржыны дамытудың негізгі тенденциялары болжанады, оны пайдаланудың тұжырымдары қалыптасады, қаржы қатынастарын ұйымдастырудың қағидаттары белгіленеді. Ұзақ мерзімді мақсаттарды таңдап алу және қаржы саясатында мақсатты бағдарламаларды жасау қаржы ресурстарын экономикалық және әлеуметтік дамуының басты бағыттарында шоғырландыруды қажет етеді.

Қаржы тактикасы: қаржы байланыстарын ұйымдастыруды дер кезінде өзгертіп отыру, қаржы ресурстарын қайта топтастыру арқылы қоғамды дамытудың мақсаты кезеңнің мәселелерін шешуге бағытталған. Ол назарды кезек күттірмейтін міндеттерді шешуге, пайда болған үйлесімсіздіктерді қаржылардағы және елдің, аумақтың, саланың экономикасындағы ауытқушылықтарды жоюға шоғырландыра отырып, стратегиялық нұсқаманы нақтылайды. Қаржы стратегиясының біршама тұрақтылығы кезінде қаржы тактикасы орамдылығымен (іскеділігімен) ерекшеленуі тиіс, ол экономикалық жағдайлардың, әлеуметтік факторлардың және басқалардың тұрақтылығымен алдын ала анықталады.

Қаржы саясатының стратегиясы мен тактикасы өзара байланысты. Стратегия тактикалық есептерді шешу үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Экономика мен әлеуметтің сала дамуының шешуші учаскелері мен басты проблемаларын анықтай отырып, тактика әдістерді өзгерту, қаржы байланыстарын ұйымдастырудың нысандары арқылы неғұрлым қысқа мерзім ішінде қысқарту пен шығындарды ең аз жұмсап, қаржы стратегиясы белгіленген міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Қаржы саясатын экономикалық қатынастар тудырады, өйткені ұйым қаржы саясатын жасауда ерікті емес, ол өзінің мүмкіндіктеріне, объективті

шындықтың шарттарына сүйенеді. Қаржы қатынастары дамуының өзіндік айрықшалықты заңдары болады. Қаржының логикасы дамуға өзара кері ықпал жасай алады, экономиканы тездетеді немесе оған кедергі жасайды.

Қаржы саясаты қаржы ресурстарын шоғырландыруға және зәру міндеттерді шешуге бағытталған, тап осы мемлекеттің ұйымдық өндіріске ықпал етуіне мүмкіндік жасайды. Экономика мен ұйымның әлеуметтік дамуына қаржы саясатының ықпал жасауы қаржы саясатының ғылыми негізделген теориясы негізінде жүзеге асуын талап етеді. Тек ғылыми көзқарас, саясатты анықтайтын барлық факторларды біліп, зерделеу оның салыстырмалы дербестігінің объективті экономикалық қатынастар тәуелділігіне ұласпауының келісімі. Экономикалық дамудың тәжірибесі қаржы саясатының экономикадан қолданылуының қатаң экономикалық қиыншылықтарға ұрындыратынын, ұйымдық дамудың міндеттерін іске асыруды өзіндік тоқтататынын дәлелдейді.

Қаржы саясаты ғылыми зерттемелерге негізделсе және ғылыми тәсілдермен қаржы саясатының нақтылы қаржы қатынастарынан үзілмейтіндігіне қызмет етсе, онда қаржы саясаты прогрессивті болуы мүмкін.

Қаржы саясаты қазіргі кезеңде қарама-қайшылықты міндеттерді шешеді, демек, қаржы саясаты баланстандырылған болуы тиіс.

Қазіргі жағдайда қаржы саясатының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- 1) шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының сферасында нарықтық қатынастарды нығайту жөнінде шаралар жүргізу;
- 2) дағдарысты жөндеу және қаржы жүйесін сауықтандыру;
- 3) қалықты әлеуметтік қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу.

Нарықтық экономика жағдайында ұзақ мерзімді ғылыми қаржы болжамдарына негізделген және қаржы реттеушілерінің жүйесін сүйеніп әрекет ететін тиісті қаржы саясаты материалдық-заттай, ақша ағындарының күнделікті әрі перспективалық тепе-теңдігіне жетудің, соның негізінде

қоғамның үдемелі экономикалық өсуін қалтамасыз етудің негізгі өркендету әдісі болып табылады. Ол бірінші кезектегі міндеттерді - мемлекеттік бюджеттің тапшылығы мен ішкі және сыртқы борыштың мөлшерін, қаржы рыногын дамыту, қолданыстағы салық жүйесін жетілдіру, инфляцияның қарқынды төмендету және т.б. шешу үшін пайдаланылады. Сонымен бірге қаржы реттеуіштерінің жүйесімен айпа-шарғы жасау арқылы белгілі бір түрде мемлекет пайдаланатын қаржы айналымында жүрген нақты ресурстар тиісті қаржы саясатына жетудің негізгі құралдары бола бастайды.

Қаржы саясатын нақты тарихи жағдайларға байланыстыра отырып жасау қажет. Олар қоғам дамуының әрбір кезеңінің өзгешелігін, ішкі, сол сияқты жаһандық жағдайдың да ерекшеліктерін, мемлекеттің нақты экономикалық және қаржылық мүмкіндіктерін ескеруі тиіс. Қаржы ресурстарының көлеміне белгіленген және жүзделген шығындардың тікелей тәуелділігі жай ғана қаржы сапалылығының айғағы болып табылады және шаруашылық жүргізудің барлық деңгейлерінде қолдан отырылуы тиіс. Бұл маңызды талапты сақтамау бюджет тапшылығының, мемлекеттік борыштың пайда болып, көбеюіне, инфляциялық процестерге ұрындырады.

Кезек ерекшелігін есепке алу оның алдында шаруашылық және қаржы құрылысының тәжірибесін, жаңа тенденциялар мен прогрессті құбылыстарды, дүниежүзілік тәжірибені мұқият зерделеуді де қажет етеді. Ағылдағы кезеңнің ерекшеліктерін, экономикалық дамудың толғағы жеткен қажеттіліктерін есепке алу негізінде қаржы саясатын дер кезінде өзгертіп отыру алдыда тұрған мәселелерді неғұрлым қысқа уақытта және ең аз шығындармен шешуге мүмкіндік береді.

Қаржы саясатын жасаған кезде оның бірнеше нұсқалары дайындалады. Олардың барлығы саралтық базалаудан өткізіледі, неғұрлым оңтайлы нұсқасы Үкіметке жіберіледі. Көп нұсқалы жоба математикалық үлгілеу мен жобалауды пайдалануды талап етеді. Мұнымен бірге үнемі өсіп отыратын қаржы ресурстарының босалқы қорын жасау қажет, сондай-ақ мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің табыстарын алудың неғұрлым

оңтайлы үлестерін анықтау қажет. Қаржы саясатын жасаған кезде қаржы ресурстарын бөлуге және оларды негізгі бағыттарға шоғырландыруға бірінші маңыз беріледі.

Елдің қаржы жағдайы бірқатар көрсеткіштермен сипатталады:

- 1) жалпы іргалдық өнім мен ұлттық табыс;
- 2) инвестициялаудың ауқымы;
- 3) негізгі құралдарды (капиталдарды) жаңартудың қарқындары;
- 4) еңбек өнімділігінің өсуі;
- 5) халықтың тұрмыс деңгейі;
- 6) мемлекет бюджетінің тапшылығы.

Соңғы жылдардағы Қазақстанның қаржы жүйесі мемлекет бюджетіне төленбеген төлемдермен сипатталады. Жүйелі төлем қабілетсіздігінің салдарынан мемлекеттің Борышын арттыруға тура келеді.

Тұрақтандырудың қаржы саясаты өзіне мына міндеттерді кіріктіреді:

- 1) инфляцияны тоқтату;
- 2) бюджет тапшылығын ЖІӨ-нің 2% дейін төмендету;
- 3) мемлекет борышын ЖІӨ-нің 48% дейін жеткізу.

Қаржы саясатына ақша-кредит саясаты қосылады. Қаржы саясаты жетістіктерінің бірі — Ұлттық Банк кредиттерін беру (эмиссия) жолымен мемлекеттік борышты жабудан заңнамалық түрде бас тарту.

Қаржылық тұрақтандырудың міндеттеріне мыналар кіреді:

- 1) тұрақты бағалар (инфляция нөлге жуық). Алайда инфляция жылына шамамен 1,8% тең болатын дамыған елдерде де болады;
- 2) бюджет тапшылығын ЖІӨ-нің 2-3% аспайды;
- 3) мемлекет борышы аз соманы құрауы тиіс және тек ЖҮӨ-нің өсуімен өсуі тиіс.

Қаржы саясатына қойылатын маңызды талап қаржы саясатын жүргізгенде, яғни дамудың белгілі бір кезеңінің негізгі міндеттерін орындауға шаралар бағыттау жолымен қаржы жүйесінің барлық буындарында жүргізілетін шараларды келіскенде кешенді көзқарасты сақтау,

сондай-ақ экономикалық саясаттың құрамды бөліктері арасында қаржы, кредит, баға белгілеу, жаппай салалары саясатында тығыз өзара байланысты қамтамасыз ету болып табылады.

Қаржы саясатының баяттары фискалдық және экономикалық саясат болып табылады. *Фискалдық саясат* ең маңыздысы мемлекеттік бюджет болып табылатын орталықтандырылған мемлекеттік қорларды толықтырумен, экономикалық саясат экономикалық процестерді реттеумен байланысты. Фискалдық саясат салық төлемдерін алу, "іргамдық тауарларды" ендіру кезінде ресурстарды орналастыру, оларды бөлу, ақша қаражаттарының трансферттік ағындарының қожалысы жөніндегі бөлу және қайта бөлу әрекеттерін, үкімет пен жергілікті органдардың экономикалық және әлеуметтік сфераларда қаржыны пайдалану жөніндегі басқа іс қимылдарын қамтиды.

Фискалдық саясат дискрециялық саясат ретінде, жинақталған өндірістің нақтына көлемін, жұмыспен қамтылуды (жұмыстысыздығы) өзгерту, инфляцияны бақылау, экономикалық өсуді тездету мақсатымен мемлекеттік салықтарымен және шығыстарымен саналы айла-шарғы жасау ретінде жүргізіледі. Экономикалық криздің сипатына қарай инталаңдырушы немесе тежеуші фискалдық саясат жүргізілуі мүмкін. Икемсіз (дискрециялық емес) фискалдық саясат экономикалық криздің түрлі фазаларындағы — өрлеу немесе құлдырау фазаларындағы ұлттық өнім көлеміне теңбе-тең түрде мемлекет шығындарының және салық алудың түрленуі ұғынылатын *автоматты немесе "кірістіріме тұрақтандырылғаны"* ("кірістіріме тұрақтылығын") іс-әрекетін қажет етеді.

2.2. Қаржы механизмінің мазмұны мен құрылымы

Қаржы саясаты нақты шаруашылық өмірде *қаржы механизмі* арқылы іске асырылады, ол қаржыны *райыдастыру, жоспарлау және басқару* түрлерінің *жысандарымен және әдістерінің жүйесі* болып табылады.

Қаржы механизмі арқылы шаруашылық жүргізудің түрлі деңгейлерінде және қызмет сфераларында экономикалық және әлеуметтік даудың мемлекеттік бағдарламаларын орындау үшін мақсатты ақша қорлары мен ақша қорланымдарын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қаржы қатынастары басқарылады.

Қаржы механизмі мемлекет белгілеген қаржы шараларын атаулы, нақтылы нәтижелерге — қоғамдық-экономикалық өмірдің барлық деңгейлері мен сфераларындағы қоғамдық өнімнің, материалдық емес игіліктердің, қызметтер көрсету мен құндылықтардың толып жатқан барлық элементтері құнының құрамына кіретін қаржы ресурстарының ролін өндiрiсiне айналдырып, iске асырады. Ұдайы өндiрiстiң ер алуандылығы өз кезегiнде қаржы механизмі құрамды және ажырағысыз белгi болып табылатын экономикалық, (шаруашылық) механизмнің нысандары мен әдiстерiнiң тиiстi ер алуандығын тудырады.

Қаржы механизмі — экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қоғам қолданатын қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Ол қаржы қатынастарын ұйымдастырудың түрлерін, нысандарын және әдістерін, оларды сан жағынан анықтаудың амалдарын кіріктіреді.

Қоғамдық шаруашылықтың жеке бөлімдерінің ерекшеліктеріне қарай және қаржы қатынастарының сфералары мен буындары бөлінуінің негізінде қаржы механизмі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы механизмі сондай-ақ мемлекет қаржысының механизмі болып бөлінеді. Ол кезегінде бұл сфералардың әрқайсысы жеке құрылымдық буындарды қамтиды. Мысалы, мемлекет қаржысының механизмі бюджеттік механизм мен бюджеттен тыс ресурстар механизмі болып бөлінеді. Аумақтық бөлініске сәйкес республиканың, биіктің жергілікті органдарының қаржы механизмі деп бөлуге болады.

Жалпышаруашылық механизмі секілді қаржы механизмінің де өзіне тән ішкі құрылымы болып және ол айтарлықтай күрделі. Қаржылық өзара байланыстардың көптігі қаржыны ұйымдастырудың көптеген түрлерің нысандарын және әдістерін алдын ала анықтайды. Қаржы механизмінің құрылымы қаржы қатынастарын топтастыру тұрғысынан қаржы жүйесін қамтып көрсетеді.

Қаржы механизмі құрылымын сипаттау үшін оның буындары ретінде анықталатын жүйелі талдаудың қосалқы жүйесі (бөлігі), блогты элементі сияқты ұғымдарын пайдаланған орынды (2.2 сызбаны қараңыз.)

2.2 сызба. Қаржы механизмінің жүйесі

Қ А Р Ж Ы М Е Х А Н И З М І (Ж У Й Е)				
Қ О С А Л Қ Ы Ж У Й Е Л Е Р				
Қ А Р Ж Ы Л Ы Қ Ж О С П А Р Л А У		Қ А Р Ж Ы Т Ү Т Қ А Л А Р Ы М Е Н Ы Н Т А Л А Н Д Ы Р М А Л А Р Ы		Ү Й Ы М Д Ы Қ Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ж Ө Н Е Қ Ұ Қ Ы Қ Т Ы Қ Р Е Ж І М
Б Л О Қ Т А Р				
Қаржы әдістері	Қаржы түтқалары	Құқықтық қамтамасыз ету	Нормативтік қамтамасыз ету	Административтік қамтамасыз ету
Бөлшек, өзін-өзі қаржыландыру, ипотечтік бағдарламалар, кредит беру, бағалы қағаздар, салық салу, есеп-кисап жүзделері, талдау, мемлекеттік операциялар, трансакциялар, трансферттер	Амортизациялық аударымдар, облигация, баға, жалпау ақысы, ипотечтік қолжетпейтін, дисконт	Актілер, заңдар, жарғылар, Үкімет Қаржы министрлігінің, Экономикалық жоспарлау министрлігінің бұйрықтары, заңдары	Әдістемелік нұсқаулар	Әдістемелік нұсқаулар, бухгалтерлік есептік техникалық есептеме, оперативтік есепте-

Қаржы механизмінің қосалқы жүйесі (бөлігі) оның неғұрлым маңызды қозғаушы күші болып табылады, олар: қаржылық жоспарлау, қаржы

тұлғалары мен ынтыластықтары, ұйымдық құрылым және қаржы жүйесінің құқықтық режимі, қаржыны ұйымдастыру.

Қаржы механизмінің блогы (бұйымы) — бұл жалпы атақсатты бағыттылық белгісі бойынша біріккен біржелкі өзара байланысты элементтердің жиынтығы.

Қаржы механизмінің мақсаты — бұл қарапайым шаруашылық нысан, ол арқылы қоғамдық өндіріске қатысушылардың мүдделері айрықша түрде білінеді.

Әрбір элемент бірінші қаржы механизмінің құрамды бөлігі болып табылады, бірақ өзінше жұмыс істейді және барлық элементтер келісуші талап етеді.

Қаржы механизмі элементтерінің — қаржы қатынастарын ұйымдастырудың нысандарының, түрлерінің, әдістерінің үйлесуі "қаржы механизмінің конструкциясы" құрайды, ол механизмнің әрбір элементінің сандық параметрлерін белгілеу жолымен, жиналуының мөлшерлемелері мен нормаларын, нормалардың көлемін, шығындардың деңгейін және басқаларды анықтау арқылы қозғалысқа келтіріледі. Сандық параметрлер мен оларды анықтаудың сан алуан әдістері қаржы механизмінің ең шалдағай белгісі болып табылады. Олар түзетулерге жәкі ұшырайды, өндіріс жағдайлары мен қоғам алдында тұрған міндеттердің өзгерісін сергек сезіп отырады. Мысалы, табысты (пайданы) бөлудің әдістері және кәсіпорын мен мемлекет арасында оның бөлінуінің ара қатысы әлденеше рет өзгереді, салықтардың мөлшерлемелері түзетіледі және т.б.

Қоғамдық өмірде қаржының диалектикасы тұлғалау нысандарының және әрекет жасау әдістерінің өзара байланысы, іс-қимылы арқылы көрінеді.

Нақты өмірде шаруашылық және қаржы механизмдерінде абстрактты экономикалық (құндық) категориялар нақтыланады және мақұлданып нысандар түрінде болады.

Қаржы қатынастары көрінісінің нысандары экономиканы басқарудың деңгейіне қарай (жалпыұлттық шаруашылық, экономиканың секторы,

экономикалық аймақ, сала (ішкі сала, шаруашылық жүргізуші субъектінің әкімшілік-аймақтық құрылым) неғұрлым толық нақтылануы мүмкін. Сондықтан анағұрлым нақтылы нысандар — басқару шешімдері қолданылады. Қысқалы, кірістерде қосылған құнға салынатын салық, акциздер, табыс салығы, мемлекеттік мүліктен түсетін табыстар, ренталық төлемдер және т.б., шығыстарда — экономикаға (әрі қарай тәптіштеледі), әлеуметтік-мәдени мақсаттарға (Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру, ғылымға, басқаруға және басқалары) жұмсалатын шығындар бөліп көрсетіледі. Бастапқы буын деңгейінде — фирмаларда, компанияларда, ұйымдарда, мекемелерде сан алуан қаржы қатынастарын реттеу үшін басқарудың нақтылы нысандары мен әдістерінің сан алуан түрлері қолданылады.

Шаруашылық және қаржы механизмдерінде қаржы-экономикалық нормативтер мен индикаторлар пайдаланылады. *Нормативтер* — шығындардың немесе ресурстардың бөліудің өсетін түрде негізделген мөлшерлері *индикаторлар* — ресурстардың пайдаланудың шекті мөлшерлері (көлемдері) қаржылық жоспарлауда пайдаланылады. Олардың көмегімен жалпымемлекеттік, ұжымдық және жеке мүдделердің белгілілік қатынастарындағы оңайлы ұштастыру, экономикалық және әлеуметтік дамудың перспективалық және ағымдағы жоспарларының тапсырмаларын іске асыру үшін мемлекеттік, аймақтық, басқарудың салалық және ведомстволық органдарының, шаруашылық құрылымдарының ресурстарға деген қажеттіліктері қамтамасыз етіледі.

Ұлғаймалы ұдайы өндірістің қалыптасу ағыны экономикалық саясат пен механизмнің құрамды бөлігі ретіндегі қаржы саясаты мен қаржы механизміне байланысты. Дұрыс тұжырымдалған қаржы саясаты, анық етіп қалыптастырылған, синхронды жұмыс істейтін қаржы механизмі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдеседі. Кері тенденция да болады: егер қаржы саясаты экономикалық заңдардың іс-әрекетін толық ескерілмесе немесе олармен қарама-қайшылықта болса, онда тиісті қаржы механизмі

ұлттық шаруашылықтың, саланың, аймақтың және т.б. өндірістің мүмкіндіктерін толық пайдалана алмайды немесе пайдалануға оның қажеті жоқ; мұндай жағдайда ұйымның экономикалық дамуы тежелінеді (тежеуіштелінеді), жағымсыз құбылыстар жүзделінеді, қоғамға қарсы процестер пайда болады. Мұндай жағдай объективті экономикалық заңдардың талаптарын елемейтін басқарудың әкімшіл-ерікшіл, тым орталықтандырылған әдістерін қолданғанда қалыптасады.

Қаржы механизмінің әрбір сферасы мен жеке буынды бір-біріне ай бүтіннің құрамды бөлігі болып табылады. Олар өзара байланысты және өзара тәуелді. Сонымен бірге салалар мен буындар біршама дербес іс-әрекет етеді. Бұл жағдай қаржы механизмі құрамдастарының үнемі қиысуын қажет етеді. Қаржы механизмінің құрамды (құрылымдық және функциональді) буындарының іштей қиысуы оның ұтымдылығының (әрекеттілігінің) маңызды шарты болып табылады.

Қаржы механизмінің сфералары мен буындары жеке элементтердің күрделілігімен және тарамданушылық дәрежесімен ерекшеленеді. Мысалы, бюджет механизмі салықтардың көп түрінен тұратын жүйе, оған қаржыны пайдаланудың сан алуан бағыттары мен қаржыландыру әдістерінің болуы тән. Шаруашылық жүргізуші субъектілерде қорланымдардың жеке нысандары арасындағы қарым-қатынас анықталады, табыс (пайда) бөлініске түседі, қорлар құрылып, пайдаланылады. Сақтық ұйымдарында резервтік қор жүйесі кең дамыған.

Қаржы механизмінің маңызды құрамды бөлігі қаржы *инсталандырмалары* — іс-әрекеті шаруашылық жүргізуші субъектілердің материалдық мүдделерімен байланысты болатын экономикалық тұтынар болып табылады. Ұдайы өндірістің сапалық жағын ынталандыру кезінде қаржы экономикалық мүдделерді, ынталандырмаларды қаржымасыз ету бағытында пайдаланылады. Бұл орайда экономиканы сапалық ынталандыру басым болады.

Қаржының өзара байланыстарының көптігі қаржыны ұйымдастырудың түрлі нысандары мен әдістерін алдын ала анықтайды. Қаржы саясатын орындауға арналған қаржы механизмін жасаудың үлкен маңызы бар. Қаржы саясатын жүргізу процесінде шарттарды есепке алу әлеуметтік қамсыздандырумен, салықтарды реттеумен, ғылыми-техникалық процесті дамытумен, өндіріс процесінің проблемаларын шешумен, мақсатты бағдарламаларды қаржы ресурстарымен қамтамасыз етумен, барлық аймақтардың шаруашылығын дамытумен байланысты қойылған міндеттерді іске асыру үшін қажет тиісті тәсілдер мен әдістерді айқындауды талап етеді.

Мемлекет объективті заңдардың негізінде жалпы ұлттық өнім мен ұлттық табыстың құнын бөлудің нысандары мен әдістерін анықтайды. Мемлекет салықтарды, қаржы ресурстарын пайдаланудың қажидаттары мен бағыттарын, импорттағы саясатын белгілейді. Мемлекет қаржы қатынастарын ұйымдастырудың амалдарын нормативті түрде ресімдей отырып, жоспарлау мен болжауды жүзеге асырады. Бұл орайда бақылаудың маңызы зор.

Қаржы ынталандырмаларының мынадай топтарын бөліп көрсетуге болады:

1. Қоғамдық өндіріске ресурстарды инвестициялаудың неғұрлым тиімді бағыттарын таңдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын қаржы ынталандырмалары. Осыған байланысты мақсатты бағдарламаларды дұрыс әзірлеу мен оларды жергілікті ресурстармен (бюджеттің көмегімен) қамтамасыз ету маңызды.

Қаражаттарды инвестициялаудың негізгі бағыттарын таңдау кезінде қаржы сыйымдылығы мен қаржы қайтарымы көрсеткіштеріне үлкен мән беріледі. *Қаржы сыйымдылығы* - бағдарламаны орындауға талап етілетін қаржы ресурстарының саны. *Қаржы қайтарымы* — салынған ресурстарға алынатын қаржы қаражаттарының саны.

Қаржы сыйымдылығын төмендету және қоғамдық өндірісте қаржы қайтарымын арттыру негізгі мәселе болып табылады. Бұл орайда қаржы

ресурстарын өсірудің маңызды резерві қоғамдық О2-5 өнім құнының жақсартылған ұдайы өндірістік құрылымы болатындығын есте ұстау қажет. Қосымша өнім қаржы ресурстарының негізгі көзі болып табылатындықтан, қоғамдық өнім құнында табыстың (пайданың) үлесі неғұрлым жоғары болса, қаржы ресурстарын өсіру резервтері соғұрлым жоғары болады.

2. Арнаулы көтермелеу қорларын пайдалану.

3. Өндірісті интенсификациялаудың бюджеттік әдістерімен байланысты қаржы ынталандырмалары

Белсенді қаржы саясатын жүргізе отырып, өндірісті көтермелеу үшін мемлекет бюджеттің кірістері мен шығыстарын пайдалана алады. Бюджеттің кірістері бюджеттің ынталандырмаларына айналуы үшін төлемнің әрбір түрі тек фискалдық функцияны ғана емес, сонымен бірге ынталандырушы функцияны да орындауы қажет. Қаржы механизмі мен қаржы саясаты қаржы құқығымен тығыз байланысты. Заңды нормалардың болуы бүкіл қаржы жүйесінде бірінші талаптар белгілеуге жағдай жасайды.

Қаржы құқығы қаржы саясатын қалыптастыру мен жүргізудің тетігі болып табылады және экономикалық саясатқа әсер етеді.

Бұл байланыстарды дәйекті түрде былай көрсетуге болады:

1. Қаржыны бұл категорияның мүлкіліктерін танып біту арқылы пайдалану.

2. Қаржы саясатын құқықтық ресімдеу.

3. Есептерді шешудің тәсілдері мен әдістерін дамыту және іске асыру.

4. Қаржы құқығы қаржы қатынастарын регламенттеуді жүзеге асырады.

Қоғам дамуының белгілі бір кезеңінің ұсынылатын және шешілетін міндеттеріне, оның шаруашылықтың сферасын, саласын дамыту мен байланысты бұл қатынастардың бөлігіне сәйкес қаржы механизміне, оның буындарының, тұтқаларының, элементтерінің күрделі жүйесі енбойы өзгерісте, өзара іс-қимылда болады.

Қаржы механизмін қалыптастыра отырып, мемлекет сол бір кезеңнің қаржы саясаты талаптарына оның толығырақ сәйкестігін қамтамасыз етуге

тырысады, бұл саясаттың мақсаттары мен міндеттерін толық жүзге асырудың кепілі болып табылады. Сонымен бірге қаржы механизмі мен оның элементтерін жеке және ұжымдық мүдделермен неғұрлым толық үйлестіруге деген үнемі қызығушылық сақталынады, бұл — қаржы механизмі тиімділігінің кепілі.

Қаржы саясатының түбегейлі өзгеруімен байланысты қаржы механизмі қайта құрылуда. Қаржы механизмін қайта құрудың мақсаты — нарықтық қатынастарды дамыту негізінде қоғамдық өндірістің тиімділігіне ықпалын күшейту, қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету. Қаржы механизмін қайта құрудың негізіне ұлттық шаруашылықта қаржылық өзара байланыстарды ұйымдастыруға деген қағидалы жаңа көзқарас қойылған, ол жұмыстың түпкілікті нәтижелері үшін кәсіпорындардың, ұйымдардың, аймақтардың шаруашылық ынтасымен жауаптылығын барында дамытуды қамтамасыз етеді.

Экономика дамуының қазіргі кезеңде қаржы механизмін жетілдірудің міндеттері өндірісті кеңінен демократияландырумен, коммерциялық негіздерді, нарықтық реттеуді ендірумен, шаруашылық жүргізудің нәтижелеріне экономикалық ынталылықты күшейтумен байланысты болып отыр. Ақшалай табыстарды, қорлықтарды және қорларды ұтымды пайдалану арқылы қаржы механизмі шаруашылықты жүргізудің түпкілікті нәтижелеріне белсенді түрде әсер етеді.

Қаржы механизмі ирмалның өндірістік қатынастарының барлық жақтарынан етеді. Сондықтан, шынайы, жақсы жолға қойылған қаржы механизмнің көмегімен өндіріске белсенді түрде ықпал жасауға, оның тиімділігін арттыруға және экономиканы өсіру үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуге болады.

Экономика дамуының қазіргі кезеңінде қаржы механизмін жетілдірудің міндеттері өндірісті кеңінен демократияландырумен, коммерциялық негіздерді, нарықтық реттеуді ендірумен, шаруашылық жүргізудің нәтижелеріне экономикалық ынталылықты күшейтумен байланысты болып

отыр. Ақшалай табыстарды, қорланымдарды және қорларды ұтымды пайдалану арқылы қаржы механизмі шаруашылықты жүргізудің түпсіздігі нәтижелеріне белсенді түрде әсер етеді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, экономикалық заңдардың іс-әрекетін есепке ала отырып, қоғамды дамытудың міндеттеріне байланысты қаржыны ұйымдастыру мен пайдалану мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны болып табылады.

Қаржы саясаты — бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпкілікті мақсаты, оның нақтылы нәтижесі. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады.

Қаржы саясатына акция-кредит саясаты қосылады. Қаржы саясаты жетістіктерінің бірі - Ұлттық банк кредиттерін беру (элисия) жолымен мемлекеттік борышты жабудан заңнамалық түрде бас тарту.

Қаржылық тұрақтандырудың міндеттеріне мыналар кіреді:

- 1) тұрақты бағалар (инфляция нөлге жуық). Алайда инфляция жылына шамамен 1,8% тең болатын дамыған елдерде де болады;
- 2) бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің 2-3% аспайды;
- 3) мемлекет борышы аз соманы құрауы тиіс және тек ЖҰӨ-нің өсуімен өсуі тиіс.

Қаржы саясатына қойылатын маңызды талап қаржы саясатын жүргізгенде, яғни дамудың белгілі бір кезеңінің негізгі міндеттерін орындауға шаралар бағыттау жолымен қаржы жүйесінің барлық буындарында жүргізілетін шараларды келіскенде кешенді көзқарасты сақтау, сондай-ақ экономикалық саясаттың құрамды бөліктері арасында қаржы, кредит, баға белгілеу, жалақы салалары саясатында тығыз өзара байланысты қарғамасыз ету болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. "Қаржылық есеп" (2001ж) Авторлары: Қ.К. Кеуілмасаев, З.М. Әбдібаева, Н.А. Құдайбергенов, А.Ә. Жанғаева.
2. "Бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары" Авторы: Әбдіғали Әбдімананов.
3. "Кәсіпорындардың бухгалтерлік есебі" Авторы: Көкенов У.Ж., Көкенова Ф.У.
4. "Қаржы" (2005) Авторлары: Құлшыбаев С., Ілмисов Қ.Қ.
5. "Қаржы, ақша айналыс және несиесі"(2008), Авторлары: Р.О. Смағұлов, Қ.Ә. Тұсәева, Ж.Ш. Сатыбалдиева.
6. «Основы финансов» В.Д. Мельников.
7. «Қаржы теориясы» Әлжанов Р.Ә., Тұрғұлова А.Қ, Алматы 99.
8. «Қаржылық қарықты қадағалау агенттігінің нормативтік құқықтық актілері»